

«ЖАҢА МАТЕРИАЛДАР ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ» атты тақырыпта
С.М. Ақынжановтың туғанына 80 жыл толуына орай
«АРХЕОЛОГИЯ: ӨТКЕНІ, БҮГІНІ, БОЛАШАҒЫ»
Бірінші халықаралық жас ғалымдардың
ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
15–16 ақпан 2019 ж.

MATERIALS

The first international scientific-methodical conference of young scientists
«ARCHEOLOGY: PAST, PRESENT AND FUTURE» on the theme:
«NEW MATERIALS AND METHODS OF
ARCHAEOLOGICAL RESEARCH»,
Dedicated to the 80 th anniversary of the birth of S.M. Akhinzhanov
February 15–16, 2019.

МАТЕРИАЛЫ

Первой международной научно-методической конференции
молодых ученых
«АРХЕОЛОГИЯ: ПРОШЛОЕ,
НАСТОЯЩЕЕ, БУДУЩЕЕ»
на тему: «НОВЫЕ МАТЕРИАЛЫ И МЕТОДЫ
АРХЕОЛОГИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ», приуроченной
к 80-летию со дня рождения С.М. Ахинжанова
15–16 февраля 2019 г.

Алматы
«Қазақ университеті»
2019

Редакция алқасының төрағасы

Ғ.М. Мұтанов – техника ғылымдарының докторы, академик,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры

Редакциялық алқа:

Т.С. Рамазанов – эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми-инновациялық жұмысы жөніндегі проректоры, ф.-м.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі;

М.С. Ноғайбаева – эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология және этнология факультетінің деканы, т.ғ.к., доцент;

Ә.Т. Төлеубаев – т.ғ.д., эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры;

Р.С. Жұматаев – эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археология, этнология және музеология кафедрасының аға оқытушысы;

Б.Б. Бесетаев – эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археология, этнология және музеология кафедрасының аға оқытушысы.

Жауапты редакторы

Ғ.Қ. Омаров – эл-Фараби атындағы ҚазҰУ Археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Құрастырушы

Б.Б. Бесетаев

«**Жаңа** материалдар және археологиялық зерттеу әдістемесі» атты тақырыпта С.М. Ақынжановтың туғанына 80 жыл толуына орай «Археология: өткені, бүгіні, болашағы» Бірінші халықаралық жас ғалымдардың ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. 15-16 ақпан 2019 ж. / жауапты ред. Ғ.Қ. Омаров. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 234 б.

ISBN 978-601-04-3841-5

«Археология: өткені, бүгіні, болашағы» халықаралық жас ғалымдардың ғылыми-әдістемелік конференция материалдарының жинағына Қазақстан және іргелес өңірлердің археологиясы, мәдениеттер ықпалдастығы мен сабақтастығы, нысандарды сақтау және музейфикациялаудың бүгінгі күнгі өзекті мәселелеріне арналған жас ғалымдардың зерттеулері енген. Материалдар жинағы археологтарға, этнологтарға, тарихшыларға және қалың көпшілікке арналған.

В сборник материалов международной научно-методической конференции «Археология: прошлое, настоящее, будущее» вошли актуальные исследования молодых ученых, посвященные современным проблемам археологии, контакты и преемственность археологических культур, методы изучения, сохранения и музейфикации объектов археологии Казахстана и сопредельных регионов. Материалы сборника предназначены археологам, этнологам, историкам и широкой общественности.

7. Андрианов Б.В. Древние оросительные системы Приаралья. – М. 1960.
8. Кривоногов С.К. Арал умер. Да здравствует Арал // Природа. №8, 2012 – С.46-53.
9. Формозов А.А. Кельтимианарская культура в Западном Казахстане // КС ИИМК. Вып. XXI, 1950.
10. Формозов А.А. Новые точки кельтимианарской культуры в Казахстане // Вестник Казахстанского филиала АН. СССР 1946. №5. – С. 24–25.
11. Толстов С.П. Древний Хорезм. – М. 1948. – С. 65.
12. Толстов С.П. По следам древних хорезмский цивилизаций. – М. 1948. – С. 34–77.
13. Виноградов А.В. Древние охотники и рыболовы Среднеазиатского между-речья. // ТХАЭЭ. Т. XIII. – М., 1981. – С. 90–94.
14. Коробкова Г.Ф. Средняя Азия и Казахстан // Археология. Неолит Северной Евразии. – Москва «Наука» 1996. – С. 87–134.
15. Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени ескерткіштер жинағы Қызылорда облысы. – Алматы Аруна, 2011. – 504 б.
16. Исаков Г.Т. Каменная индустрия Мугоджар и Северного Приаралья в мезолите–неолите. Автореферат дисс... на соискание ученой степени канд. истор. наук: 07.00.06. – Алматы, 2005. – 30 с.
17. Каменный инвентарь стоянки Аральск-7 // ҚазҰУ хабаршысы,Тарих сериясы №4(43). 2006. – С.108–111.
18. Байпаков К.М., Борофко Н., Савельева Т.В., Ахатов Ғ.А., Лобас Д.А., Ержанова А.А. Итоги археологических исследований по проекту INTAS «CLIMAN» // Известия НАН Р.К. №1 Серия общ. наук 2004. – С. 236–254.

Бесегаев Б.Б.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Археология, этнология және музеология кафедрасының
докторанты.
Қазақстан, Алматы қ.*

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕРТЕ КӨШПЕЛІЛЕР ДӘУІРІНІҢ АТ ӘБЗЕЛДЕРІ

Еуразияның далалық белдеуінде орналасқан, табиғи-экологиялық заңдылықтарға сай шаруашылық-экономикалық жүйеде классикалық көшпелілік өркениеті қалыптасып, бағамдалуының аяқталған кезі – ежелгі көшпелілер дәуірінің – тарихы мен мәдениеті жазба деректері және археологиялық қазба материалдары негізінде бір арнаға жүйеленді. Скиф-сақ-сібір әлемінің көптеген заттары өрнектелген қайталанбас аң мәнеріндегі туындылар

(қару-жарак, ат әбзелдері, киім үлгілері, әшекей заттар, ыдыс және т.б.) ежелгі Шығыс және Алдыңғы Азия шеберлерінің туындыларынан артық болмаса, кем түспейтіні белгілі. Осы тұрғыдан алғанда ерте көшпелілер дүниесінің өзара сабақтасқан, бірегей сақ-скиф мәдениеттерінің түйісер тұсы деп Шығыс Қазақстанды атауға болады.

Б.з.д. II мыңжылдықтың ортасынан бастап жылқының шаруашылық пен әскери саладағы мәнінің артуы уақыт өте культтік нышанға айналып, күрделі діни дүниетанымның қалыптасып, жылқыны құрбандыққа шалып, адаммен қосып жерлеу ғұрпына айналды. Сонымен қоса, жылқыны ерттеп немесе жеке-лей түрде адаммен қосып аттың әбзелдерін жерлеген. Шығыс Қазақстан территориясының далалық және таулы аймақтарының жерлеу ескерткіштерінен табылған ат әбзелдері, мәдени сабақтастық пен динамикалық даму үйлесімділігін анықтай отырып, қазіргі таңда скиф-сақ-сібір әлемінің пайда болуын, дамуын зерттеу мен зерделеуде айтарлықтай үлес қосуда.

Қазіргі уақытта өзімізге белгілі ерте темір дәуірі Шығыс Қазақстанда өзара алмасатын екі хронологиялық кезеңнен тұрады (ерте сақ – б.з.д. IX–VI ғғ., және пазырық уақыты – б.з.д. V–III ғғ.). Бұл ретте екі кезеңді екі үлкен археологиялық мәдениет деп қарастырып, оның ішінде даму сатылары мен мәдени шекараларын негізге аламыз. Осыған байланысты, материалдық мәдениеттің негізгі бөлшегі болып табылатын ат әбзелдерінің құрылымы маңызды орынды ала отырып, б.з.д. IX–III ғғ. ерте көшпелілердің ескерткіштерінің өзара бірегейлік пен сабақтастық және мерзімделуі мен кезеңделу мәселелері ашыла түспек.

Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуірінің ат әбзелдерін зерттелуі туралы ғылыми еңбектер аз емес. Оның ішінде бір қатары сақ-скиф дәуірінің ат әбзелдерінің мерзімделуі мен классификациясы туралы айтылған [Грязнов, с. 9-10; Боковенко, с. 4-9; Членова; Марсадоллов, с. 5-6; Горбунова, с. 180-183; Тишкин, с. 164-166; Шульга, с. 72-74]. Қазіргі таңдағы Шығыс Қазақстанның скиф-сақ дәуірінің мерзімделуі мен кезеңделуін С. С. Черников 1970 жж. ортасында жасап шығарса [Черников,

с. 133], кейінірек толықтырып Ғ. Қ. Омаров қарастырған [Омаров, с. 26-28].

К.А. Ақышевтың пайымдауынша, ауыздықтар мен сулықтардың алғашқы түпнұсқалары жылқыны қолға үйреткеннен кейін немесе сол уақытта пайда болған [Акишев, с. 53]. Б.з.д. ІХ–ІІІ ғғ. мерзімделетін ат әбзелдерінің табылуы, олардың қызметін жақсарту мақсатында қолайлы әдістерді іздестіргенін байқауға болады. Аталған уақытта соңғы жылдардағы археологиялық ескерткіштерді зерттеу негізінде б.з.д. ІХ–ІІІ ғғ. мерзімделетін ат әбзелдерінің жеке ерекшеліктерін белгілеп, эволюциялық өзгерісін зерттеуге мүмкіндік береді. Ат әбзелдерінің даму кезеңдерін белгілеу кезінде біз М.Қ. Қадырбаев [Қадырбаев, с. 311] және Н.А. Боковенконың [Боковенко, с. 55-57] жасаған кезеңдемелеріне сүйене отырып, б.з.д. VI ғасырдың аяғы – V ғғ. жататын ат әбзелдерінің өтпелі кезіңін қосамыз.

Бірінші кезең (б.з.д. ІХ–VIII ғғ.), көршілес аймақтардағыдай қайыстан жасалған «жұмсақ ауыздықтармен» және мүйізден жасалған үш саңылауы бар сулықтармен сипатталады. Ат әбзелдерінің орналасуы және саңылаулары көп өзгеріске түспеген. Жерлеу кезінде аттың қола ауыздығын қайыспен алмастырған болуы мүмкін. Ауыздықтардың кейбіреулерінің шығыршықтарының үлкен болғандығына қарамастан, онда сулықтар салынбаған. Ат әбзелдері жасалатын заттың (мүйіз, сүйек, азу тіс, ағаш) табиғи мүмкіндіктеріне сәйкес пішіндерінің ауысуы ауыздықтар мен сулықтарды жасаудағы дәстүрдің толық қанды қалыптаспағандығын көрсетеді. Бұл кезеңде айылбастардың алғашқы түпнұсқалары пайда бола бастайды. Аталмыш кезеңнің ат әбзелдері аржан-майемер кезеңінің ескерткіштерінде кездеседі (Күрті-2, Зевакино, Малая Красноярка).

Екінші кезең (б.з.д. VII–VI ғғ.) ат әбзелдерінің құрылымының күрделене түсуімен ерекшеленеді. Шығыры екі түрлі қола ауыздықтар (қарапайым және қосымша саңылауы бар), үш түрлі қола сулықтар (доға тәріздес, мүйізді төрт шығыршықты; У-тәріздес; шығыңқы сопақ немесе орталық бөлігінде шетке шыққан саңылаулары бар), әр түрлі ат жабдықтары пайда болды. Аталған уақыттың соңына қарай Айылбастарының үлкен өлшемдерімен ерекшеленді. Осы кезеңде ат әбзелдерінің жеке бөлшектерінің

өзіндік аймақтық ерекшеленуі басталды. Бұл уақыт аралығы негізінен майемер кезеңі ескерткіштерімен сипатталады (Майемер, Камышинка, Черновая-3, Измайловка, Кондратьевка-21).

Үшінші кезеңді (б.з.д. VI ғасырдың соңы – V ғғ.) өтпелі деп санауға болады. Ат әбзелдерінің жекелеген элементтері алдыңғы кезең компоненттерін құраса да өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады. Жерлеу салтында да ішкі және сыртқы миграцияны аңғартатын алдыңғы кезеңнің кейбір элементтері сақталған. Ерте сақ кезеңінің дәстүрін жалғастыратын жүгеннің жаңа түрі – ауыздықтың үлкен шығырларына киілетін екі саңылаулы сулықтар пайда болады. Қоладан жасалған ауыздықтардың шығыршықтары дөңгелек немесе сопақша болып келген, кейбіреулері үзенгі тәріздес. Сулықтар екі саңылаулы қоладан немесе сүйек (мүйізден) жасалып, қос саңылаулары сулықтың орталық бөлігіне қарай орналасқан. Сулықтардың екі ұшы тазқараның (грифон) басымен әшекейленген немесе ұштары үшкірленіп келеді. Таратқыштарды және әбзелдің әшекейлеріне қабанның азу тістері қолданылған. Алайда, Шығыс Қазақстан территориясында аталмыш кезеңнің ескерткіштері сирек кездесуіне байланысты зерттелмеген. Бұл кезеңнің ат әбзелдері Үшбиік пен Тарбағатай тауының теріскей бөлігінен кездесіп табылған заттарымен және Қарақаба қорымынан табылған қоймамен сипатталады.

Төртінші кезеңде (б.з.д. IV–III ғғ.) ат әбзелдері айтарлықтай өзгеріске ұшырайды: шығырлары үзенгі тәріздес ауыздықтардың орынына дөңгелек тәріздес, үш саңылаулы сулықтарды екі саңылаулы сулықтар алмастырады. Ат әбзелдерін жасауда темір қолданыла бастап, түрлі әшекейлі элементтер пайда болады. Барлық жағдайларда сулықтар ауыздықтың шығыршықтарына киілген. Сулықтардың екі ұшы түрлі жануарлардың, эпсаналық аңдардың бейнесімен әшекейленіп, көп жағдайда ағаштан жасалып, алтынмен апталған. Алдыңғы кезеңмен өзіндік жалғасын табуы қолданылған сүйек, мүйіз және қола материалдары себепкер бола алады. Ер негізінен жастық іспеттес, ішіне жүн немесе шөптесін өсімдіктермен толтырылып, әшекейлі бейнелері бар қызыл түсті матамен қапталған. Құрылымы жағынан дәстүрлі пазырықтық ерлермен өте ұқсас

болып келеді: өмілдірік пен құйысқанның қайыстарымен және мүйізден жасалған ілмегі бар айылбас арқылы бір айылмен тартылады. Шығыс Қазақстанның пазырық уақыты тоң басқан обалардағы жақсы сақталған ат әбзелдері және т.б. органикалық заттардың аркасында жан-жақты кешенді түрде зерттелген. Бұл кезең негізінен пазырық мәдениетінің ескерткіштерімен сипатталады (Қатон, Күрті-5, Қызыл-Ту, Үст-Бөкен, Берел, Қарақаба).

Жоғарыда ұсынылған Шығыс Қазақстанның сақ-скиф дәуірінің ат әбзелдерінің трансформациясында өзіндік даму динамикасы мен циклдық процесстерді байқаймыз. Б.з.д. VI–V ғғ. қамтитын өтпелі кезеңнің ерекшеліктеріне тоқталғанды жөн көрдік. Майемер кезеңінде сулықтардың жаңа түрі – У- и Т-тәріздес орталық бөлігіндегі ілмектердің пайда болуы сулықтар мен ауыздықтарды қосудағы қолайлы нұсқаларды іздестірудің амалдары болып табылады [Боковенко, с. 56-57; Марсадалов, с. 14, рис. 1].

Үшінші кезеңде жоғарыда аталып өткен Үшбиіктен және Тарбағатай тауларының теріскей бөлігінен табылған қоладан жасалған ат әбзелдерінің кездейсоқ олжаларда қос саңылаулары сулықтың орталық бөлігіне қарай орналасқан [Сур. 1]. Сулықтардың екі ұшы тазқараның (грифон) басымен әшекейленген. Табылған олжалардың арасындағы жүген мен ердің кейбір бөлшектері ерте сақ кезеңінің белгілерін сақтап қалған [Арсланова, с. 55].



Сур. 1. Ерте пазырық уақытының сулықтары мен ауыздықтары
(Фото: Е. Қ. Оралбай).

Төртінші кезеңге тоқталар болсақ, Қызыл-Тудағы №2 қорғаннан табылған дәстүрлі пазырық уақытының ат әбзелдерімен қатар ерте кезеңнің қола ауыздықтары мен мүйізден жасалған сулықтар табылған болатын [Черников, с. 90]. Дәл осындай жағдай Берел қорымының №71 қорғанында кездеседі. Адаммен қосып жерленген аттың бас сүйегінде сүйектен жасалған таратқыштар табылса, екінші аттың бас сүйегінде қабанның азу тістеріне саңылау жасалған таратқыштар табылды. Кейбір жағдайларда қабанның азу тістері ілмегі бар әшекей бұйым ретінде қолданылған [Самашев, с. 75, рис. 181, 182]. Бұндай әшекейлер Берел қорымының №10 қорғанында ағаштан жасалған [Самашев, Джумабекова, Базарбаева, с. 258]. Сонымен, аттың әбзелдерінде кездесетін қабанның азу тістері ерте кезеңнің белгілері екені жайында айтуға болады. Мүмкін, ежелгі шеберлер өздерінің туындыларына архаикалық белгілерді пайдаланған-ды.

Басқа кезеңдермен салыстырмалы түрде алар болсақ, б. з. д. VI ғ. екінші жартысы – V ғ. майемер тайпаларын пазырықтық тайпалармен алмастыруы туралы көптеген пікірлер бар [Могильников, с. 53; Марсаолов, с. 107]. Дегенмен, Шығыс Қазақстан ерте темір кезеңінің ат әбзелдерінің өзіндік ерекшеліктері бар. Ат әбзелдері скиф-сақ-сібір мәдени қауымдастықтың ішіндегі сақ мәдениетінің шекараларын айқындауға мүмкіндік берері хақ.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Акишев К.А. Саки азиатские и скифы европейские (общее и особенное в культуре) // Археологические исследования в Казахстане. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1973. – С. 43-58.
2. Арсланова Ф.Х. Случайная находка бронзовых вещей в Семипалатинском Прииртышье // КСИА. – М.: Наука, 1981. – № 167. – С. 54-58.
3. Боковенко Н.А. Динамика развития конской сбруи в скифское время на Алтае (к проблеме цикличности инноваций) // Преемственность и инновации в развитии древних культур. – Л.: Наука, 1981. – С. 55-57.
4. Боковенко Н.А. Начальный этап культуры ранних кочевников Саяно-Алтая (по материалам конского снаряжения): Автореф. дисс. ... канд. истор. наук. – Л.: Изд-во ЛО ИА АН СССР, 1986. – 24 с.
5. Горбунова Н.Г. Конская упряжь ранних саков Центральной Азии (Средняя Азия и Казахстан, кроме Западного) // Древние цивилизации Евра-

- зии. История и культура. – М.: Изд-во Восточная литература, 2001. – С. 179-200.
6. Грязнов М.П. Памятники майэмирского этапа эпохи ранних кочевников на Алтае // КСИИМК. – М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1947. – № 18. – С. 9-17.
7. Кадырбаев М.К. Некоторые итоги и перспективы изучения археологии раннежелезного века Казахстана // Новое в археологии Казахстана. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1968. – С. 21-36.
8. Марсадолов Л.С. Основные тенденции в изменении форм удила, псалиев и пряжек коня на Алтае в VIII–V веках до н.э. // Снаряжение верхового коня на Алтае в раннем железном веке и средневековье. – Барнаул: Изд-во АлтГУ, 1998. – С. 5-24.
9. Марсадолов Л.С. Пазырыкский феномен и попытки его объяснения // Итоги изучения скифской эпохи Алтая и сопредельных территории. – Барнаул: Изд-во АлтГУ, 1999. – С. 104-107.
10. Могильников В.А. Некоторые аспекты этнокультурного развития Горного Алтая в раннем железном веке // Материалы по археологии Горного Алтая. – Горно-Алтайск: Изд-во ГАГУ, 1986. – С. 35-67.
11. Омаров Г.К. Археологические памятники раннего железного века межгорья Алтая и Тарбагатай (хронология, периодизация и культурная атрибуция): Автореф. дисс. ... канд. истор. наук. – Алматы: Изд-во ИА КН МОН РК, 2010. – 31 с.
12. Самашев З. Берел. – Алматы: Изд-во Таймас, 2011. – 236 с.
13. Самашев З., Джумабекова Г.С., Базарбаева Г.А. Конское снаряжение древних скотоводов Алтая: опыт реконструкции (по материалам кургана №10 могильника Берел) // Археологический альманах. Изобразительное искусство в археологическом наследии. – Донецк: Изд-во Лебедь, 2010. – № 21. – С. 251-286.
14. Тишкин А.А. О соотношении бийкенской и майэмирской археологических культур Алтая раннескифского времени // Степи Евразии в древности и средневековье. – СПб.: Изд-во Гос. Эрмитажа, 2003. – Кн. 2. – С. 164-166.
15. Черников С.С. Восточно-Казахстанская экспедиция 1950 г. // КСИИМК. – М.: Изд-во АН СССР, 1952. – № 48. – С. 81-92.
16. Черников С.С. К вопросу о хронологических периодах в эпоху ранних кочевников (по археологическим материалам Восточного Казахстана) // Первобытная археология Сибири. – Л.: Наука, 1975. – С. 132-137.
17. Членова Н.Л. О степени сходства компонентов материальной культуры в пределах «Скифского мира» // Петербургский археологический вестник. – СПб.: Изд-во Фарн, 1993. – № 7. – С. 49-75.
18. Шульга П.И. Снаряжение верховой лошади и воинские пояса на Алтае. Раннескифское время. – Барнаул: Изд-во Азбука, 2008. – Ч. 1. – 276 с.

Эмре Севинч
Гази университетінің магистранты.
Туркия, Анкара қ.

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Ахинжанова Л.	Имя на Шелковом пути	3
Бірлесбек С.	Уақыттан озған археолог	8
Абдрахманов Б.А.	С.М. Ақынжановтың еңбектеріндегі «қимақ мәселесі»	12
Бахтыбаев М.М.	Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесі және В.В. Бартольд	17
Мургабаев С.С.	Наскальные изображения Карасуйир	23
Асылбекков Қ.М.	Қазақстанда мәдени мұраға деген мемлекет пен қоғам көзқарасының эволюциясы	31
Исаев А.А.	Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасына қарсы құқық бұзушылықтарға қатысты қолданылатын санкциялар	37
Құрманязов И.С.	Солтүстік-шығыс Арал маңы кейінгі тас ғасыры ескерткіштерінің зерттелу тарихы	46
Бесетаев Б.Б.	Шығыс Қазақстанның ерте көшпелілер дәуірінің ат әбзелдері	55
Эмре Севинч	Түркиядағы Қазақстанның ерте темір дәуірі археологиясы тақырыбындағы зерттеу жұмыстары	61
Иванов С.С., Солтобаев О.А.	Новые данные о могильнике эпохи ранних кочевников Кырчин в Прииссыккулье (предварительное сообщение)	66
Жамбулатов К.А.	Кейінгі сарматтар: тарихнамалық еңбектердегі мәдениеттің қалыптасу аймағы	71
Тулегенов Т.Ж.	Некрополь Иссык и прилегающие погребальные комплексы Шелек – Талгарского междуречья	76
Алтаев М., Оразай А.	XI ғасырдың бірінші жартысындағы қыпшақтардың қоныстануы	84
Тулегенов Т.Ж., Иванов С.С.	Охранные работы на могильнике Шошанай	91